

арналған хрестоматиялық оқу құралы. (Құраст және өмірбаяндық деректерді жазған А.Құраубаева. Алматы, Ана тілі, 1991.

10. Дулат Бабатайұлы. – Шығармалары. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар (1-кітап); Дулат тағылымы: сын-зерттеулер (2-кітап). Құрастырған Қ.Раев. Алматы: «Раритет», 2003.

Қ.ЖҰБАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Жуынтаева З.Н., ф.ғ.к., доцент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Кез келген ғылым саласының бастауында ғасырлар бойы маңыздылығын жоймайтын, уақыт өткен сайын, іздене үңілген сайын келер ұрпақ тың ой, терең пайымдау, жаңа білім табатын ғұмырлық еңбектер болатындығы белгілі. Мұндай еңбектердің қатарына ХХ ғасыр басында-ақ қазақ тіл білімінің негізін қалауға айрықша үлес қосқан аса көрнекті тілші-ғалым, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың зерттеулері жатқызылады. Ғалымның синтаксис саласына, оның ішінде сөз тіркесіне қатысты зерттеулерінің де маңызы зор.

Сөз тіркесі сөйлем жасаудың негізгі материалы болып табылады. Жалпы тіл мамандарының арасында сөздердің сабақтаса байланысын сөз тіркесіне жатқызу туралы пікір талас тудырмайды.

«Сөйлемде бір сөз болмай, бірнеше сөз болса, бұл сөздер бір-бірімен қиындасып тұруы керек. Қиынын келтірмей құрастырған сөйлем, не тіпті сөз болмай шығады да немесе айтайын деген сөзін болмай, басқа бірдеме болып шығады...Сөз қиыны келу үшін екі шарт керек:

Алдымен, әр сөзді орны-орнына қою керек, тиісті орны ауысып кетсе де қиыны келмейді.

Екінші, оның үстіне, бір сөзді екінші сөзге байлап беретін жалғаулар бар; соны дұрыс жалғау керек, тиісті жалғауы жалғанбай қалса да, я теріс жалғанса да, сөздің қиыны келмейді» [1, 158] деген пікірден қазіргі тіліміздегі сөздерді байланыстырудың аналитикалық және синтетикалық тәсілдері жайында айтып тұрғаны байқалады. Сөздер аналитикалық тәсіл арқылы байланысқанда, орын тәртібінің қатысы болады. Ал синтетикалық тәсіл арқылы байланысқанда, жалғаулардың қатысы болатыны белгілі.

«Сөздер сөйлем ішінде екі күйде кездеседі: 1.Тура күйде, 2.Бұрма күйде. Тас ұршықтың тесігі деген үш сөздің тас деген біреуі-ақ тура күйде тұр, қалған екеуі: 1.Ұршық-тың 2.Тесігі-і дегендер бұрма күйде. Тура күйінде бұл екеуі ұршық, тесік түрінде болар еді...Сөйлем ішіндегі сөздердің бірде тура күйде, бірде бұрма күйде болатыны – сөздің қиындасуы үшін керек. Жеке тұрған сөздің тек тура күйде болатыны – басқа сөзбен қиындасудың керегі жоқтықтан. Сөйлем ішіндегі сөздер тура күйде тұрып-ақ қиындаса беруі мүмкін. ... Тура сөзден бұрма сөз жасау үшін тура сөзге жалғау жалғау керек. Бұрма сөзден тура сөз жасау үшін жалғауын алып тастау керек» [1, 158-159] деген ғалым көзқарасынан сөздердің орын тәртібі арқылы, яғни жалғаусыз, сондай-ақ жалғаулар арқылы байланысатына назар аударғанын аңғарамыз.

Қ.Жұбанов сөздердің шылаулар арқылы байланыс жасайтындығын да көрсеткен. Мәселен, «Сөз тәртібі мен жалғаудан басқа да сөз-сөзді байланыстырып, қиынын келтіретін бір сөздер бар. Ондай сөздерді жалғауыш дейміз. Жылқы да, сиыр да мал...Осы сияқты үшін, сайын, шейін дегендер де жалғауыш болады» [1, 159].

М.Балақаев та «сөздер өзара тіркесіп барып, біртұтас сөйлем болғанда, олар әр алуан синтаксистік тәсілдер арқылы байланысады. Сөз бен сөзді байланыстыруға дәнекер болатын синтаксистік тәсілдер мыналар: 1.Жалғаулар (септік, тәуелдік, жіктік, көптік). 2.Шылаулар (демеулер, жалғаулықтар). 3.Сөздердің орын тәртібі. 4.Интонация» [2, 43] екендігін айтқан болатын. Осы тәсілдерді Р.Әміров пен Ж.Әміровалар да құптай отырып, «осы амалдарды біз былай топтап атаймыз: қосымшалар синтетикалық тәсілдер деп, шылаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация аналитикалық тәсілдер деп аталады. Осы аталған тәсілдерді қолданып сөз тіркестерін құрауда тілдің қалыптастырған формасы бар. Сөздердің тіркесу формасы 5 түрлі: 1) қиысу, 2) матасу, 3) меңгеру, 4) қабысу, 5) жанасу» [3, 5] деп көрсетеді.

Т.Сайрамбаев сөздердің байланысуының аналитикалық тәсіліне көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі және интонация арқылы байланысуды жатқызады. Ал аналитикалық-синтетикалық байланысу тәртібі шылаулар, көмекші есімдер, көмекші етістіктер, модаль сөздер арқылы

байланысуды қамтитынын дәлелдейді [4, 41].

Қазақ грамматикасында: «Сөздердің синтаксистік байланысын сөз еткенде оның екі тәсілі болатынын ескеру керек. Олардың біріншісі – аналитикалық, екіншісі – синтетикалық тәсіл. Сөздер аналитикалық тәсіл арқылы байланысқанда, олар қосымшаны қажет етпейді, ол сөздердің байланысуына интонация, сөздердің орын тәртібі және шылау көп көмегін тигізеді.

Сөздер интонация арқылы байланысқанда, дауыс ырғағына, әуеніне ерекше көңіл бөлінеді. Дауыс екпіні немесе логикалық екпін дұрыс қойылмаған жағдайда қай сөздің қай сөзбен тіркесіп тұрғанын ажырату қиындыққа түседі. Аналитикалық байланыс тәсілінің бір түрі – сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуы. Мұндайда бір-бірімен тіркескен сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің орын тәртібі қатаң сақталуы тиіс. Олардың орындарының ауысуы не мағыналық өзгеріске ұшыратады, не мағынасыздық тудырады. Мысалы, үлкен үй тіркесін үй үлкен деп алмастыруға болады, бірақ сол алмастыруға сәйкес мағына да өзгеріске түседі: бірінші тіркес анықтауыштық, екінші тіркес предикаттық қатынасқа ие болады.

Аналитикалық тәсілдің келесі түрі шылау арқылы байланысу болып табылады. Байланыстың бұл түрінде жалғаулықтар мен демеуліктер сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді мағыналық жағынан бір-бірімен ұластыруда елеулі қызмет атқарады.

Сөз тіркесі құрамындағы сөздердің жалғаулар арқылы байланысуы синтетикалық байланыс деп есептеледі» [5, 587-588]. Ал бұл мәселені Қ.Жұбанов былай түсіндіреді: «Сөйлем ішінде сөздер бірін-бірі ерте де, біріне-бірі ере де байланысады. Еруші сөзді жетек сөз, ертуші сөзді жетекші сөз дейміз... Біздер мектепке келдік деген сөйлемдегі үш сөздің байланысуы мынадай: бірінші – біздер деген сөз бен келдік деген сөз бір байланысқан: кім келді? – Біздер келдік. Екінші – сол келдік деген сөз бен мектепке деген сөз тағы байланысқан – Қайда келдік? Мектепке келдік. Сүйтіп, бұл үш сөз жағалай матастырылмаған. Біздер деген мен мектепке дегеннің екеуі жиналып келдік деген бір сөзге арқандалған. Енді осы байланысқан әрбір екі сөздің өзара қалайша байланысқанын қарасақ, бірін-бірі ертіп, біріне-бірі еріп тұрғанын көреміз. Біздер деген сөз келдік сөзін ертіп тұр, келдік деген сөз мектепке деген сөзді ертіп тұр.

Қайсысының ертіп, қайсысының еріп тұрғанын жалғауынан білуге болады. Біздер деген сөздің орнына мен деген сөзді қойсақ, келдік сөзіне -к жалғауы тұра алмайды... -к –нің орнына -м жалғауын қойып айту керек. Өйткені –к жалғауын керек қылып тұрған біздер деген сөз еді, -м жалғауын керек қылған мен деген сөз. Келді деген сөз тура күйінде біздер деген сөзбен қиындаспайды. Оны қиындастыру үшін келді сөзіне –к жалғауын жалғап, бұрып әкелу керек. Тура күйінен айрылып, бұрма күйде түскен сөз басқа бір сөздің жетегіне ерген жетек сөз болады. Оны жетектеген сөз жетекші сөз болады. Мұнда келдік – жетек сөз, біздер – жетекші сөз» деген [1, 160]. Мұнда ғалымның айтайын дегені – басыңқы сөз бен бағыныңқы сөз. Жетек сөзі – басыңқы сыңар, жетекші сөзі – бағыныңқы сыңар. Басыңқы компоненттің лексикалық мағынасы, грамматикалық бітімі бағыныңқы компонентті түгелдей өзіне лайықты етіп, бағындырып тіркестіреді. Бағыныңқы компонент басыңқы сөз арқылы айтылған ұғымды толықтырады: анықтайды, мекенін, мезгілін білдіреді, объектісін атайды. Осыған орай, сөз тіркесінің құрамындағы басыңқы компонент пен бағыныңқы компоненттің арасындағы қатынасты негізінен анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық деп топтап, жинақтап атауға болады.

Ғалым «сөз тіркесі» деген терминді қолданбаса да, оның пікірлерінен сөз тіркесінің байланысу тәсілдері жайында айтып тұрғанын көреміз. Оның осы идеясы кейінгі зерттеулерде сабақтастық тауып жүр. Р.Әмір мен Ж.Әмірова зерттеулерінде былай делінген: «Біз сөз тіркесіне берген анықтамада оған екі шарт қойып отырмыз. Біріншіден, сөз тіркесі деп тану үшін сөздер бағыныңқы қатынаста болуға тиіс, яғни екі сөздің бірі екіншісіне грамматикалық формасы, қызметі жағынан бағыныңқы қатынаста тұруға тиіс. Екіншіден, сөз тіркесі синтаксистік қызметі жағынан, лексикалық мағынасы жағынан даралығын жоғалтпаған сөздерден құралады». Басыңқы компоненттің лексикалық мағынасы, грамматикалық бітімі бағыныңқы компонентті түгелдей өзіне лайықты етіп, бағындырып тіркестіреді. Бағыныңқы компонент басыңқы сөз арқылы айтылған ұғымды толықтырады: анықтайды, мекенін, мезгілін білдіреді, объектісін атайды. Осынысына орай сөз тіркесінің құрамындағы басыңқы компонент пен бағыныңқы компоненттің арасындағы қатынасты негізінен анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық деп топтап, жинақтап атауға болады [3, 10-11].

Бұрынғы замандағы сөйлем мүшелерінің байланысы соңғы амал ғана, яғни сөздердің ілгерінді, кейінді келу тәртібіне ғана негізделген; жалғау, жалғауыштар кейін пайда болған. Сөздерді қосымшалар арқылы ұстастыру – синтаксистік байланыстың жаңа амалы. Біздің қазіргі сөйлеу тілімізде осы екі амалдың екеуі де бар. Сөйлем мүшелері бұрынғы кезде белгілі бір орынға ие болып, тұрақтасып қалғандықтан тіпті жалғаулы мүшелер де сөйлемнен белгілі бір орын алып жүр. (Оқыдым мен бұл кітапты десек, кітаптан кейін «жаздым» болып, жазған мен оқығанның шатасып кетуі мүмкін) [1, 114].

Сөз тіркесінің құрамындағы сөздер бір-бірімен қалай болса солай қатарласа бермейді. Олардың бір-бірімен мағыналық және синтаксистік байланысы болуы қажет.

М.Балақаев: «Өзара тіркескен сөздердің синтаксистік тобын сөз тіркесі деп тану үшін оның мынадай белгілеріне қарау керек, – дейді:

1) сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады;

2) ол сөздердің бірі екіншісімен сабақтаса, мағыналық және синтаксистік байланыста айтылады.

Олар салаласа байланыспайды, тек сабақтаса байланысады.

3) Тіркескен сөздер анықтауыштық, пысықтауыштық, толықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Осындай синтаксистік қатынас тек толық мағыналы сөздердің сабақтаса байланысу нәтижесінде пайда болады» [2, 34]. Сөз тіркесіне қатысты пікірлерді ғалымдардың пікірлерінен көптеп кездестіруге болады. «Сөз тіркесі – кемінде екі дербес сөздердің бағыныңқы-басыңқы грамматикалық байланыстың негізінде тіркесуінен жасалған синтаксистік единица. Сөз тіркесі – мағыналық жақтан да, грамматикалық жақтан да өзара байланыста, бірлікте болатын, толық мағыналы кемінде екі сөздің тіркесі. Сөз тіркесі де не затты, не іс-әрекетті атап, номинативті қызмет атқара алады. Бірақ сөз тіркесі затты немесе іс-әрекетті атағанда, оларды жеке-дара күйінде емес, өзара байланысында, қарым-қатынасында атайды. Сөз тіркесінің сыңарларының бірі сапа-белгіні немесе іс-әрекетті білдіру қасиетінен айрылса, ондай тіркес сөз тіркесі болудан қалып, күрделі сөзге айналады. Сөз тіркесі сөздердің салалас қатарынан құрылымдық ерекшелігі жағынан ажыратылады. Сөз тіркесінің сыңарлары басыңқы, бағыныңқы сыңарлар болып, бірі екіншісіне бағына байланысады» [6, 387].

«Жорға немесе желден жүйрік тұлпарды алғашқы аяқ алысынан-ақ тануға болса, сол секілді Құдайберген Жұбановтың да бірінші қадамдары оның кім екенін, қоғам үшін маңызын білдіретін еді» деген Мұхтар Әуезовтің пікірінен ғалымның тіл білімі саласындағы еңбегінің ұшан-теңіз екендігін көруге болады. Қ.Жұбановтың фонетика, морфология, синтаксис, тарихи грамматика салаларындағы зерттеулерінің күні бүгінге дейін маңызы өте зор. Әсіресе, синтаксис саласына қатысты еңбектерін ерекше атауға болады. Оның сөйлемге, сөйлем мүшелеріне, сөз тіркесіне байланысты айтылған ойлары қазір жалғасын тауып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. -581 б.
2. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. –237 б.
3. Әміров Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 1998. -192 б.
4. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. -174 б.
5. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. -784 б.
6. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978. -494 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫН АЛҒАШ ЗЕРТТЕУШІ

*Жұмағұлов А.Б., ф.ғ.к, доцент,
Мырзахмет Г., студент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазақ ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан күрделі саласының бірі – батырлар жыры. Бұл жырлардың көпшілігі халықтың отанды сүю, жаудан ел қорғау, халық үшін ерлік еңбек ету идеясынан туған. Жаудың шабуылдарына қарсы аттанған, одан ел жұртын қорғап қалған батырларды, олардың ерлік істерін ардақтап халық аңыз-әңгіме, жырына қосқан. Сондай-ақ, халық